

«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС
2016 жылғы _____
№ _____ бұйрығымен
бекітілген

**Аудит жүргізу жөніндегі
НҰСҚАМА**

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Сыншылдықтың бірінші деңгейлі әлеуетті өнім берушісінің аудиті	4
3	Сыншылдықтың екінші деңгейлі әлеуетті өнім берушісінің үстел аудиті	5
3.1.	Сыншылдықтың екінші және үшінші деңгейлі әлеуетті өнім берушісінің көшпелі верификациялық аудиті	5
3.2	Сыншылдықтың үшінші деңгейлі әлеуетті өнім берушісінің аудиті	7
4.	Түзетуші іс-шаралар нәтижелері бойынша аудит	10
5.	Әлеуетті өнім берушілермен Біліктілік органының кері байланысы	15
6.	Қосымшалар	16

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Аудит жүргізу жөніндегі нұсқама (бұдан әрі – Нұсқама) Басқарманың 2016 жылғы № шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару стандартына. Әлеуетті өнім берушілерді біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуді жүргізу (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес әзірленген.

2. Осы Нұсқама үстел аудитін, көшпелі верификациялық және техникалық аудиттерін жүргізу, аудиттер жүргізу нәтижелері бойынша есептілікті тапсыру тәртібін анықтайды.

Осы Нұсқамада келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

«А1» сауалнамасы — сыншылдықтың бірінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болмайтын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі;

«А2» сауалнамасы - сыншылдықтың бірінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болатын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі;

«В1» сауалнамасы - сыншылдықтың екінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болмайтын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі;

«В2» сауалнамасы - сыншылдықтың екінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болатын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі;

«С1» сауалнамасы - сыншылдықтың үшінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болмайтын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі;

«С2» сауалнамасы - сыншылдықтың үшінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болатын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі;

Аудитор – аудит жүргізетін тұлға;

Аудиторлық топ – аудит жүргізу үшін қалыптастырылатын және бірнеше аудитордан, қажет жағдайда Техникалық сарапшылардан тұратын топ;

Жетекші аудитор – көшпелі верификациялық және/немесе техникалық аудит жүргізу үшін жауапты аудитор;

Бас аудитор – әлеуетті өнім берушіге аудит дайындау мен жүргізу және АБІ АЖ-да есептілікті келісу жөніндегі үйлестіру қызметін жүзеге асыратын Біліктілік органының қызметкері;

Тапсырыс беруші – Қор немесе Холдингке кіретін ұйым.

АБІ АЖ – осы Стандартқа сәйкес алдын ала біліктілік іріктеуді жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

ҰКП – «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

Ұйым – Ұйымдар тізбесіне енгізілген көшпелі верификациялық аудитті және техникалық аудитті өткізу үшін тартылатын ұйым;

Аудит жоспары – жетекші аудит қалыптастыратын, Біліктілік органымен және оған қатысты аудит өткізілетін әлеуетті өнім берушімен келісілген аудит өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

Сүйемелдеуші тұлға – әлеуетті өнім берушінің Аудиторлық топ мүшелерімен өзара әрекеттесу үшін белгіленген қызметкері;

Техникалық аудит - негізгі өндірістік процестерді қоса алғанда, әлеуетті өнім берушінің алаңында жүзеге асырылатын стандарттар, техникалық шарттар және басқа нормативтік құжаттарға сәйкестігін сараптауды қоса алғанда, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты сыншылдықтың үшінші деңгейлі өнім берушінің мәліметтері мен құжаттарына кешенді тексеріс жүргізу;

Техникалық сарапшы – Аудиторлық топқа немесе үстел аудитіне қатысу үшін тартылатын, әлеуетті өнім берушінің қызметіне қатысты арнайы білімдері немесе тәжірибесі бар тұлға. Техникалық сарапшының Аудиторлық топта аудитор өкілеттігі жоқ;

Сарапшы – сыншылдықтың бірінші және екінші деңгейлі әлеуетті өнім берушілерге үстел аудитін жүргізуді жүзеге асыратын Біліктілік органының қызметкері.

Осы нұсқамада қолданылатын, алайда осы тармақта көрсетілмеген өзге ұғымдар мен терминдер Басқарманың 2015 жылғы 10 желтоқсандағы №125 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Сатып алу қызметін басқару жөніндегі саясатында, Стандартта және Қазақстан Республикасының заңнамасыда анықталатын мәндерде қолданылады.

3. Аудит келесі негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) шынайылық;
- 2) әділдік;
- 3) кәсібилік;
- 4) құпиялық;
- 5) тәуелсіздік.

4. Аудит үлгілері:

- 1) Үстел аудиті;
- 2) Көшпелі верификациялық аудит;
- 3) Техникалық аудит.

2. Сыншылдықтың бірінші деңгейіндегі әлеуетті өнім берушінің аудиті

5. Біліктілік органы «А1» және «А2» сауалнамаларын бағалау үшін үстел аудитін қолданады.

6. Біліктілік органының бас аудиторы өтінішті алған датасынан бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде үстел аудитін жүргізу үшін Сарапшыны анықтайды.

7. Сарапшы әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін келесі параметрлер бойынша біліктілік критериінің талаптарына сәйкестікке бағалайды:

1) толықтығы – қоса берілген ақпарат біліктілік критериінің талаптарын толық жабады;

2) дұрыстығы - қоса берілген ақпараттың мазмұны біліктілік критерий талаптарына сәйкес келеді және сауалнамаға қоса тіркелген және басқа көздерден алынатын құжаттармен және мәліметтермен расталады;

3) өзектілігі – қоса берілген құжаттар біліктілік критериінің талаптарына сәйкестігін бағалау сәтінде қолданыстағы болып табылады.

8. Әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін қарау мен бағалауды Біліктілік органы үстел аудиті арқылы «А1» сауалнамасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен артық емес/«А2» сауалнамасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен артық емес мерзімде жүзеге асырады.

9. Біліктілік органы Стандартқа сәйкес әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің шынайылығын, дұрыстығын, толықтығын және өзектілігін тексеру мақсатында АБІ АЖ арқылы әлеуетті өнім берушінің

уәкілетті өкіліне сауал жіберуге, сондай-ақ мемлекеттік және өзге органдарға да сауал жолдауға(өз атынан немесе әлеуетті өнім берушінің атынан) немесе әлеуетті өнім өнім берушіден Біліктілік органы берген сауалды өз атынан сауалға жауап үшін адресат ретінде Біліктілік органын көрсетумен сауал жолдауын талап етуге құқылы. Бұл ретте сауалнамалық деректерді қарау және бағалау мерзімі сауалды жолдау датасы мен ол бойынша мәліметтерді алу датасы арасындағы уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

10. Сарапшы әлеуетті өнім берушіде Нұсқаманың 7-тармағында көрсетілетін параметрлерді қанағаттандыратын растаушы құжаттар мен мәліметтер болған кезде АБІ АЖ арқылы сауалнамалық деректердің біліктілік критерийлерінің талаптарына, сондай-ақ ТЖҚ БНА кодтарына сәйкестігін растайды.

Сарапшы әлеуетті өнім беруші ұсынған растаушы құжаттар мен мәліметтер Нұсқаманың 7-тармағында көрсетілетін параметрлердің біреуін немесе одан артығын қанағаттандармаған жағдайда АБІ АЖ арқылы сауалнамалық деректердің біліктілік критерийлерінің талаптарына, сондай-ақ ТЖҚ БНА кодтарына сәйкессіздігін растайды.

Сарапшы АБІ АЖ-да анықталған сәйкессіздіктер бойынша негіздеме ұсынады.

11. Әлеуетті өнім өнім берушінің сауалнамалық деректерін талдаудың нәтижесі болып АБІ АЖ-да Басшылыққа №1 қосымша нысанына сәйкес Аудиттің өткізілгені туралы қалыптастырылған есеп табылады, ол Бас аудиторға келісуге жіберіледі.

12. Аудиттің өткізілгені туралы қалыптастырылған есепті Бас аудитордың келісуі әлеуетті өнім берушіні Алдын ала білікті әлеуетті өнім берушілер тізбесіне енгізу үшін негіз болып табылады.

Бұл ретте берілетін (өндірілетін) тауарлар, орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер тізбесіне тек олар бойынша әлеуетті өнім беруші заңнамамен және Стандартпен қарастырылған растаушы құжаттар мен мәліметтерді ұсынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер ғана енгізіледі.

13. Әлеуетті өнім беруші үстел аудиті кезінде сәйкессіздіктер болған жағдайда сауалнамалық деректерді Аудиттің өткізілгені туралы есепті алған датадан бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестікке келтіруге құқылы.

14. Сауалнамалық деректерді сәйкестікке келтіру үшін әлеуетті өнім беруші АБІ АЖ арқылы анықталған сәйкессіздіктер бойынша сауалнаманың тиісті тармақтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ниеті туралы Нұсқаманың 13-тармағымен белгіленген мерзімде хат жолдайды.

15. Біліктілік органы Нұсқаманың 14-тармағында көрсетілген хатты алғаннан кейін әлеуетті өнім берушіге АБІ АЖ арқылы анықталған сәйкессіздіктер бойынша сауалнамалық деректерді өзектендіру үшін АБІ АЖ-дың тиісті модуліне 3 (үш) жұмыс күні мерзімімен қол жеткізудің берілгені туралы хабарлама жолдайды.

16. Біліктілік органы түзетілген сауалнамалық деректерді тексергеннен және біліктілік критерийлеріне сәйкестіктің расталуына белгілегеннен кейін әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестік деңгейіне және оның құжаттамасына өзгерістер енгізеді. Сауалнамалық деректерді осы сәйкестікке келтіру бір рет жүзеге асырылады.

3. Сыншылдықтың екінші деңгейіндегі әлеуетті өнім берушінің аудиті

3.1. Сыншылдықтың екінші деңгейіндегі әлеуетті өнім берушінің үстел аудиті

17. Біліктілік органы «В1» сауалнамасын бағалау үшін үстел аудитін қолданады.

18. Бас аудитор өтінішті алған датасынан бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде үстел аудитін жүргізу үшін Сарапшыны анықтайды.

19. Біліктілік органы қажет жағдайда Техникалық сарапшыны тартуға құқылы.

20. Сарапшы әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін келесі параметрлер бойынша біліктілік критериінің талаптарына сәйкестікке бағалайды:

1)толықтығы – қоса берілген ақпарат біліктілік критериінің талаптарын толық жабады;

2)дұрыстығы - қоса берілген ақпараттың мазмұны біліктілік критерий талаптарына сәйкес келеді және сауалнамаға қоса тіркелген және басқа көздерден алынатын құжаттармен және мәліметтермен расталады;

3)өзектілігі – қоса берілген құжаттар біліктілік критериінің талаптарына сәйкестігін бағалау сәтінде қолданыстағы болып табылады.

21. Әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін қарау мен бағалау «B1» сауалнамасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен артық емес мерзімде жүзеге асырылады.

22. Біліктілік органы Стандартқа сәйкес әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің шынайылығын, дұрыстығын, толықтығын және өзектілігін тексеру мақсатында АБІ АЖ арқылы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкіліне сауал жіберуге, сондай-ақ мемлекеттік және өзге органдарға да сауал жолдауға(өз атынан немесе әлеуетті өнім берушінің атынан) немесе әлеуетті өнім берушіден Біліктілік органы берген сауалды өз атынан сауалға жауап үшін адресат ретінде Біліктілік органын көрсетумен сауал жолдауын талап етуге құқылы. Бұл ретте сауалнамалық деректерді қарау және бағалау мерзімі сауалды жолдау датасы мен ол бойынша мәліметтерді алу датасы арасындағы уақыт кезеңіне тоқтатыла тұрады.

23. Сарапшы әлеуетті өнім берушіде Нұсқаманың 20-тармағында көрсетілетін параметрлерді қанағаттандыратын растаушы құжаттар мен мәліметтер болған кезде АБІ АЖ арқылы сауалнамалық деректердің біліктілік критерийлерінің талаптарына, сондай-ақ ТЖҚ БНА кодтарына сәйкестігін растайды.

24. Сарапшы әлеуетті өнім беруші ұсынған растаушы құжаттар мен мәліметтер Нұсқаманың 20-тармағында көрсетілетін параметрлердің біреуін немесе одан артығын қанағаттандармаған жағдайда АБІ АЖ арқылы сауалнамалық деректердің біліктілік критерийлерінің талаптарына, сондай-ақ ТЖҚ БНА кодтарына сәйкессіздігін растайды.

25. Сарапшы АБІ АЖ-да анықталған сәйкессіздіктер бойынша негіздеме ұсынады. Әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін талдаудың нәтижесі болып АБІ АЖ-да Басшылыққа №1 қосымша нысанына сәйкес Аудиттің өткізілгені туралы қалыптастырылған есеп табылады, ол Бас аудиторға келісуге жіберіледі.

26. Аудиттің өткізілгені туралы қалыптастырылған есепті Бас аудитордың келісуі әлеуетті өнім берушіні Алдын ала білікті әлеуетті өнім берушілер тізбесіне енгізу үшін негіз болып табылады.

Бұл ретте берілетін (өндірілетін) тауарлар, орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер тізбесіне тек олар бойынша әлеуетті өнім беруші заңнамамен және Стандартпен қарастырылған растаушы құжаттар мен мәліметтерді ұсынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер ғана енгізіледі.

27. Әлеуетті өнім беруші сауалнамалық деректерді Аудиттің өткізілгені туралы есепті алған датадан бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестікке келтіруге құқылып.

28. Сауалнамалық деректерді сәйкестікке келтіру үшін әлеуетті өнім беруші АБІ АЖ арқылы анықталған сәйкессіздіктер бойынша сауалнаманың тиісті тармақтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ниеті туралы Нұсқаманың 27-

тармағымен белгіленген мерзімде хат жолдайды.

29. Біліктілік органы Нұсқаманың 28-тармағында көрсетілген хатты алғаннан кейін әлеуетті өнім берушіге АБІ АЖ арқылы анықталған сәйкессіздіктер бойынша сауалнамалық деректерді өзектендіру үшін АБІ АЖ-дың тиісті модуліне 3 (үш) жұмыс күні мерзімімен қол жеткізудің берілгені туралы хабарлама жолдайды.

30. Біліктілік органы түзетілген сауалнамалық деректерді тексергеннен және біліктілік критерийлеріне сәйкестіктің расталуына белгілегеннен кейін әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестік деңгейіне және оның құжаттамасына өзгерістер енгізеді. Сауалнамалық деректерді осы сәйкестікке келтіру бір рет жүзеге асырылады.

3.2. Сыншылдықтың екінші және үшінші деңгейлеріндегі әлеуетті өнім берушінің көшпелі верификациялық аудиті

31. Біліктілік органы «B2» және «C1» сауалнамаларын бағалау үшін көшпелі верификациялық аудитті қолданады.

32. Біліктілік органы Жетекші аудиторға әлеуетті өнім берушінің өтінішін талдау және «B2» және «C1» сауалнамасының құрамында ұсынылған сауалнамалық деректерді талдау үшін АБІ АЖ-ға қол жеткізуді береді.

33. Жетекші аудитор әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерінің және мәліметтерінің негізінде Басшылыққа №2 қосымша нысанына сәйкес Аудит жоспарын әзірлейді.

34. Аудит жоспарын жасау кезінде келесілер ескеріледі:

1) аудиттің мақсаттары;
2) тексеруге жататын ұйымдастырушылық және функционалдық бөлімшелерді, процестерді қоса алғандағы аудитті қолдану саласы (бұл ретте тексерілетін процестердің санын, маңыздылығын, қиындығын, ұқсастығын және орналасуын, сондай-ақ тексеруге қосылатын қамтылатын уақыт кезеңін ескеру қажет);

3) біліктілік критерийлерінің талаптары;

4) тексерілетін ұйымның орналасқан жері (с.і. егер қолдануға болса, жекелеген оқшауланулар), алаңшада аудитті өткізу мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушінің басшылығымен кеңесті қоса алғанда аудитті өткізудің жоспарланған уақыты мен ұзақтығы;

5) аудиттің қолданылатын әдістері;

6) әлеуетті өнім берушінің алдағы аудитінің нәтижелерін талдау (егер қолдануға болса);

7) Аудиторлық топтың құрамы;

8) Аудиторлық топ мүшелерінің, сондай-ақ Сүйемелдеуші тұлғалар мен бақылаушылардың өкілеттігі мен жауапкершілігі (егер қолдануға болса);

9) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің байланыстары;

10) аудиттің жұмыс тілі және Аудит өткізу туралы есептің тілі (орыс/қазақ);

11) қауіпсіздік және рұқсаттар бойынша кез келген талаптар, соның ішінде құпиялыққа және ақпараттық қауіпсіздікке қатысты мәселелер.

35. Жетекші аудитор Аудит жоспарын дайындауды және әлеуетті өнім берушімен және Біліктілік органымен келісуді аудит басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады. Аудит жоспарында көрсетілген алаңшада аудит өткізу мерзімі №3 қосымшаға сті осуществляет подготовку и соглэйкес белгіленеді.

Аудит жоспары және оған кейінгі өзгерістер мен толықтырулар әлеуетті өнім берушімен және Біліктілік органымен келісілген болуы тиіс.

36. Алаңшаға келгеннен кейін жетекші аудитор әлеуетті өнім берушінің

басшылығымен және қажет болса тексерілетін функциялар мен процестер үшін жауапты тұлғалармен кіріспе кеңес өткізеді.

Жетекші аудитор талқылауға келесі мәселелерді шығаруы тиіс:

- 1) Аудиторлық топ мүшелерін, аудит өткізу барысындағы олардың функцияларын көрсетумен, таныстыру;
- 2) мақсаттарды, қолдану саласын және біліктілік критерийлерін растау;
- 3) аудит жүргізу жоспарын растау;
- 4) аудит кезінде пайдаланылатын тілді растау;
- 5) Аудиторлық топқа қажет ресурстар мен жабдықтардың қол жетімділігін растау;
- 6) әлеуетті өнім беруші тағайындаған Сүйемелдеуші тұлғалардың рөлі;
- 7) құпиялық және ақпараттық қауіпсіздік шарттарын растау;
- 8) қажет жағдайда инфрақұрылым объектілерін, жабдықтарды, құжаттарды фотоға түсіруге әлеуетті өнім берушінің жазбаша келісімін алу;
- 9) АБІ АЖ арқылы анықталған сәйкессіздіктер бойынша ұсыныстар беру тәртібі;
- 10) қорытынды кеңес туралы ақпарат.

37. Сүйемелдеуші тұлғалар Аудиторлық топқа:

- 1) Аудит жоспарымен белгіленген мерзімдерге сәйкес Аудиторлық топ мүшелеріне әлеуетті өнім берушінің персоналымен байланыстар орнатуға көмекті қамтамасыз ету;
- 2) Аудит жоспарына сәйкес әлеуетті өнім берушінің бөлімшелеріне/процестеріне баруды ұйымдастыру;
- 3) Аудиторлық топ мүшелерінің зауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидаларымен танысуын және орындауын қамтамасыз ету;
- 4) ақпарат жинау кезінде түсініктемелер беру және көмектесу жолымен көмек көрсетеді.

38. Жетекші аудитор және/немесе Аудиторлық топ әлеуетті өнім берушінің барлық сауалнамалық деректерінің Аудит жоспарына сәйкес біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестігіне верификациялық аудит жүргізеді.

39. Көшпелі верификациялық аудитті жүргізу үшін келесі әдістер қолданылады:

- 1) сұхбат жүргізу;
- 2) құжаттарды іріктеу және талдау;
- 3) объектілерді көзбен қарап тексеру.

40. Жетекші аудитор және/немесе Аудиторлық топ сұхбат жүргізу кезінде келесілерді ескеруі және сақтауы тиіс:

- 1) қызметін тиісті функционалдық бөлімшелерде жүзеге асыратын тұлғалармен сұхбат жүргізу;
- 2) сұхбатты жұмыс уақыты ішінде қызметкердің жұмыс орнында жүргізу;
- 3) қызметкерге сұхбат мақсатын түсіндіру;
- 4) қызметкердің орындайтын қызметіне қатысты мәліметтер алу.

41. Жетекші аудитор және/немесе Аудиторлық топ әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестігін келесі параметрлер бойынша бағалайды:

- 1) толықтығы – қоса берілген ақпарат біліктілік критерийінің талаптарын толық жабады;
- 2) дұрыстығы - қоса берілген ақпараттың мазмұны біліктілік критерий талаптарына сәйкес келеді және сауалнамаға қоса тіркелген және басқа көздерден алынатын құжаттармен және мәліметтермен расталады;
- 3) өзектілігі – қоса берілген құжаттар біліктілік критерийінің талаптарына сәйкестігін бағалау сәтінде қолданыстағы болып табылады;

4) бақыланулығы – жұмыстарды (стандарттар, рәсімдер, регламенттер, нұсқаулықтар) орындаудың белгіленген тәсілдерінің практикада сақталатындығының және мұны тиісті жазбалармен, көзбен қарап тексерумен және ауызша растаулармен растауға болатындығының куәлігі.

42. Көшпелі верификациялық аудитті жүргізу барысындағы көзбен қарап тексеру біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестікті және әлеуетті өнім беруші берген мәліметтерге (мысалы ғимарат, жабдық, көлік, кірме жолдар және т.б.) сәйкестігін растаудың физикалық дәлелі болып табылады. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда Жетекші аудитор оны АБІ АЖ-да Аудиттің өткізілгендігі туралы есепке қоса тіркелген фотоматериалдармен немесе басқа объективті айғақтармен растауы тиіс.

43. Жетекші аудитор аудит аяқталғаннан кейін әлеуетті өнім берушінің басшылығымен және қажет жағдайда тексерілетін функциялар мен процестер үшін жауапты тұлғалармен қорытынды кеңес өткізеді.

44. Жетекші аудитор қорытынды кеңес өткізу барысында:

1) жақсарту жөнінде берілген ұсыныстарды;

2) Алдын ала білікті әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізу тәртібі мен мерзімдерін;

3) әлеуетті өнім берушінің алынған ұсыныстарға сәйкес түзетуші іс-шаралар жоспарын әзірлеу мен енгізуге және қайталама аудит өткізуге құқығын;

4) Біліктілік органымен одан әрі өзара әрекеттесу тәртібін, байланыс орталығының деректерін тапсыруды түсіндіруі тиіс.

45. Әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін бағалаудың нәтижесі болып Басшылыққа №4 қосымша нысанға сәйкес АБІ АЖ-да қалыптастырылған Аудит өткізу туралы есеп табылады. Жетекші аудитордың АБІ АЖ-да есепті қалыптастыру мерзімі аудиттің аяқталған датасынан бастап 2 (екі) жұмыс күнінен артық еместі құрайды.

46. Әлеуетті өнім беруші «B2» және «C1» сауалнамаларына қоса тіркемеген құжаттарды талдауды жүргізу кезінде Жетекші аудитор Аудит өткізу туралы есепте бұл құжаттардың тізбесін көрсетуі немесе қаралған құжаттардың сканерленген көшірмелерін қоса тіркеуі тиіс.

47. Жетекші аудитор әлеуетті өнім берушіде Нұсқаманың 41-тармағында көрсетілетін параметрлерді қанағаттандыратын растаушы құжаттар мен мәліметтер болған кезде АБІ АЖ арқылы сауалнамалық деректердің біліктілік критерийлерінің талаптарына, сондай-ақ ТЖҚ БНА кодтарына сәйкестігін растайды.

Жетекші аудитор әлеуетті өнім беруші ұсынған растаушы құжаттар мен мәліметтер Нұсқаманың 41-тармағында көрсетілетін параметрлердің біреуін немесе одан артығын қанағаттандармаған жағдайда АБІ АЖ арқылы сауалнамалық деректердің біліктілік критерийлерінің талаптарына, сондай-ақ ТЖҚ БНА кодтарына сәйкессіздігін растайды.

Жетекші аудитор АБІ АЖ-да анықталған сәйкессіздіктер бойынша негіздеме ұсынады.

48. Жетекші аудитор келесі біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкессіздіктерді анықтаған жағдайда жақсарту жөнінде ұсыныстар беруі тиіс:

- «Әлеуетті өнім берушінің ресурстары»;
- «Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету»;
- «Жобалар мен тәуекелдерді басқару» (қолданылатын болса);
- «Салалық критерийлер».

49. Жетекші аудитор басқа біліктілік критерийлерінде сәйкессіздіктерді анықтаған кезде жақсарту жөнінде ұсыныстар беруге құқылы.

50. Жетекші аудитор АБІ АЖ-да ЭЦҚ арқылы қалыптастырылған Аудит өткізу туралы есепке қол қояды, ол келісу үшін Бас аудиторға жолданады.

51. Бас аудитор есепті тексеру мен келісуді 4 (төрт) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Ескертулер болған кезде Жетекші аудитор Аудит өткізу туралы есепті түзетуді Бас аудитордың ескертулерін алған датадан бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

52. Аудит өткізу туралы есепті Бас аудитордың келісуі әлеуетті өнім берушіні Алдын ала білікті әлеуетті өнім берушілер тізбесіне енгізу үшін негіз болып табылады.

53. Бұл ретте берілетін (өндірілетін) тауарлар, орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер тізбесіне тек олар бойынша әлеуетті өнім беруші заңнамамен және Стандартпен қарастырылған растаушы құжаттар мен мәліметтерді ұсынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер ғана енгізіледі. Жақсарту жөніндегі ұсыныстар болған кезде әлеуетті өнім беруші түзетуші іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және енгізуге құқылы.

54. Әлеуетті өнім берушінің түзетуші іс-шаралар жоспарында:

- 1) ұсыныстың тиісті тармағын көрсетумен сәйкессіздіктің сипаттамасы;
- 2) осы сәйкессіздіктің себептерін жоюға бағытталған іс-шаралар;
- 3) іс-шараларды өткізу мерзімдері;
- 4) іс-шараларды өткізу үшін жауапты тұлғалардың тізбесі;
- 5) түзетудің күтілетін нәтижесі;
- 6) түзетуші іс-шараның тиімділігін растайтын құжаттық куәліктің түрі болуы тиіс.

55. Түзетуші іс-шараларды өткізу мерзімі жақсарту жөніндегі ұсыныстарды алаған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен артық еместі құрауы тиіс.

56. Түзетуші іс-шаралардың орындалу нәтижелері бойынша әлеуетті өнім беруші Біліктілік органына қайталап бағалаудан өту ниеті туралы ілеспе хаты бар тиісті құжаттар мен мәліметтерді қоса тіркеумен Басшылыққа №5 қосымшаға сәйкес түзетуші іс-шаралардың орындалуы туралы есеп ұсынады.

57. Түзетуші іс-шаралардың орындалуы туралы есепті қарау нәтижесі бойынша Біліктілік органы аудитті дербес немесе Ұйымды тартумен жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы. Түзетуші іс-шаралардың нәтижелері бойынша аудит өткізу шарттары тиісті шартпен және техникалық тапсырмамен анықталады.

58. Біліктілік органы әлеуетті өнім берушіден түзетуші іс-шаралардың орындалғаны туралы есепті алған датадан бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде АБІ АЖ арқылы түзетуші іс-шаралар нәтижелері бойынша аудиттің өткізілетіндігі туралы хабардар етеді.

59. Түзетуші іс-шаралар нәтижелері бойынша аудит өткізу мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен артық еместі құрайды.

60. Біліктілік органы әлеуетті өнім берушінің сәйкессіздікті жойғанын растауды көрсетумен Басшылыққа №6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудит туралы есепті алған датасынан бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігінің деңгейін түзетеді және әлеуетті өнім берушінің құжаттамасына тиісті өзгерістер енгізеді. Сәйкестік деңгейін аталған түзету бір рет жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Сыншылдықтың үшінші деңгейіндегі әлеуетті өнім берушінің аудиті

61. Біліктілік органы «С2» сауалнамасын бағалау үшін техникалық аудитті қолданады.

62. Біліктілік органы Жетекші аудиторға әлеуетті өнім берушінің өтінішін талдау және ұсынылған сауалнамалық деректерді тексеру үшін АБІ АЖ-ға қол жеткізуді береді.

63. Жетекші аудитор әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректері мен

мәліметтері негізінде Басшылыққа №2 қосымша нысанға сәйкес Аудит жоспарын әзірлейді.

64. Аудит жоспары келесі факторлар негізінде жасалады:

1) аудиттің мақсаттары;
2) ұйымдастырушылық және функциональдық бөлімшелердің, тексеруге жататын процестердің анықтамасын қоса алғанда, аудиттің қолданылу облысы (бұл ретте, тексерілетін процестердің санын, маңыздылығын, күрделілігін, ұқсастығын және орналасуын, сондай-ақ тексеруге енгізілетін, қамтылатын уақыт кезеңін ескеру керек);

3) біліктілік критерийлерінің талаптары;

4) тексерілетін ұйымның орналасқан орны (соның ішінде жеке локациялар, егер қолдануға болатын болса), жоспарланған уақыт және алаңшада аудит жүргізу мерзімінің ішінде аудитті жүргізу ұзақтығы (жеке локациялар арасындағы орын ауыстыруды, әлеуетті өнім берушінің басшылығымен, аудиторлық топ мүшелерімен кеңесті қоса алғанда);

5) қолданылатын аудит әдістері;

6) әлеуетті өнім берушінің алдыңғы аудитінің нәтижелеріне талдау (егер қолдануға болатын болса);

7) Аудиторлық топтың құрамы;

8) Аудиторлық топ мүшелерінің, сондай-ақ сүйемелдеуші тұлғалардың және байқаушылардың өкілеттігі және жауапкершілігі (егер қолдануға болатын болса);

9) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің түйіспелері;

10) аудиттің жұмысшы тілі және Аудит жүргізу туралы есептің тілі (орыс/қазақ);

11) қауіпсіздік және рұқсаттар жөніндегі, соның ішінде құпиялыққа және ақпараттық қауіпсіздікке қатысы бар кез-келген талаптар;

12) денсаулық жағдайы (егер қолдануға болатын болса) және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша аудиторларға қойылатын талаптар.

65. Жетекші аудитор Аудит жоспарын әлеуетті өнім берушімен және Біліктілік органымен дайындауды және келісуді аудит басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады. Аудит жоспарында көрсетілген аудитті өткізу мерзімі №3 қосымшаға сәйкес белгіленеді.

66. Аудит жоспары және оған енгізілетін кейінгі өзгерістер мен толықтырулар әлеуетті өнім берушімен және Біліктілік органымен келісілген болуы тиіс.

67. Жетекші аудитор алаңға келген кезде әлеуетті өнім берушінің басшылығымен, тексерілетін функциялар мен процестер үшін жауапты тұлғалармен кіріспе кеңесін өткізеді.

68. Жетекші аудитор келесі сұрақтарды талқылауды шығаруы тиіс:

1) Аудиторлық топ мүшелерін, аудит жүргізу барысында олардың функцияларын көрсетумен ұсыну;

2) растау мақсаты, аймағын және біліктілік критерийлерін растау;

3) Аудитті жүргізу жоспарын растау;

4) Аудитті жүргізу уақытында қолданылатын тілді растау;

5) Аудиторлық топқа қажетті ресурстар мен жабдықтардың (соның ішінде, жеке қорғаныс құралдарының, байланыс құралдарының және т.б.) қол жетімділігін растау;

6) Әлеуетті өнім беруші тағайындаған ілесе жүретін тұлғалардың ролін растау;

7) аса құпиялықты және ақпараттық қауіпсіздікті растау;

8) қажет жағдайда инфрақұрылым объектілерін, жабдықтарды, құжаттарды фотоға түсіруге әлеуетті өнім берушінің жазбаша келісімін алу;

9) анықталған сәйкессіздіктер бойынша ұсыныстар беру тәртібі;

10) қорытынды кеңес датасы мен уақыты.

69. Ілесе жүретін тұлғалар Аудиторлық топқа келесілер арқылы жәрдемдеседі:

1) Аудит жоспарында белгіленген мерзімге сәйкес әлеуетті өнім беруші персоналмен байланыс орнатуға Аудиторлық топ мүшелерінің жәрдемін қамтамасыз ету;

2) Аудит жоспарына сәйкес әлеуетті өнім берушінің бөлімшелерге/процестерге баруын ұйымдастыру;

3) Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережесімен Аудиторлық топтың мүшелерін таныстыруды және орындауды қамтамасыз ету;

4) Ақпараттар жинау кезінде түсіндірме беру немесе жәрдемдесуді ұсыну.

70. ҰКП немесе Тапсырысшы тарабынан қадағалаушы техникалық аудит жүргізудің барлық кезеңдерінде аудиторлық топпен ілесуге құқылы. Қадағалаушы сұхбат жүргізу кезінде ұсынылатын құжаттармен танысуға құқылы.

Бұл ретте қадағалаушыға техникалық аудитті жүргізуге, үлгілерді таңдауды немесе техникалық аудитті жүргізумен байланысты басқа қажетті әрекеттерді жүргізуге кедергі келтіруге және/немесе ықпал етуге тыйым салынады.

71. Қадағалаушы Біліктілік органға Аудитті жүргізу туралы Есепке енгізілетін техникалық аудитті аяқтау қорытындысы бойынша ұсыныстар ұсынуға құқылы.

72. Қадағалаушының ұсыныстары Аудитті жүргізу туралы Өтінішпен, Есеппен және басқа құжаттармен бірге әлеуетті өнім берушінің құжаттамасына қосылады.

73. Жетекші аудитор және/немесе Аудиторлық топ келісілген Аудит жоспарына сәйкес техникалық аудитті жүргізеді.

74. Аудитті өткізу үшін аудиттің келесі әдістері пайдаланылады:

1) сұхбат жүргізу;

2) құжаттамаларды таңдау және талдау;

3) объектілерді көзбен шолу;

4) үлгілерді таңдау (құрамдас бөліктерді, дайын өнімдерді);

5) технологиялық процесті бақылау.

75. Жетекші аудитор және/немесе Аудиторлық топ сұхбат жүргізу кезінде келесілері ескеруі және сақтауы тиіс:

1) тиісті функционалдық бөлімшелерде қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен сұхбат жүргізу;

2) қызметкердің жұмыс орнында жұмыс уақыты ішінде сұхбат жүргізу;

3) қызметкерге сұхбат мақсатын түсіндіру;

4) қызметкердің орындалатын қызметіне салыстырмалы мәліметтерді алу.

76. Жетекші аудитор/немесе Аудиторлық топ біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестікке келесі параметрлер бойынша әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін бағалайды:

1) толықтығы – қоса берілетін ақпарат біліктілік критерийінің талаптарын толық жабады;

2) дұрыстығы – қоса берілетін ақпараттың мазмұны біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкес келеді және сауалнамаға және басқа көздерден алынған құжаттармен және мәліметтермен расталады;

3) өзектілігі – қоса берілетін құжаттар біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестікке бағалау сәтінде қолданыстағы болып табылады;

4) бақылап қадағалау – процестерді (стандарттарды, рәсімдерді, регламенттерді, нұсқаулықтарды) орындаудың белгіленген тәсілдері практикада сақталатындығына және бұлар тиісті жазбамен, көзбен шолумен, бақылаумен және ауызша растаулармен растауға болатындығына кепіл болады.

77. Техникалық аудит барысында көзбен шолу қандай да бір объектінің, талап

етілген біліктілік критерийлерінің (мысалы, ғимарат, жабдық, көлік, кірме жолдар, тиісті біліктілік персоналы, инфрақұрылым объектілері және т.б.) болуына нақты дәлелдеме болып табылады. Сәйкессіздік анықталған жағдайда, Жетекші аудитор АБІ АЖ-не Аудитті жүргізу туралы Есепке қоса берілген оның фотоматериалдарымен немесе басқа объективті материалдарымен расталуы тиіс.

78. Жетекші аудитор, егер әлеуетті өнім берушінің қызметі ірі сериялық өндіріске жататын жағдайда үлгілерді таңдауды жүзеге асыруы тиіс. Үлгілерді таңдау өнімдер немесе процестердің кейбір сипаттамасы белгіленген сапа талаптарына сәйкестігін растау болып табылады.

79. Техникалық аудит барысындағы қадағалау әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтердің технологиялық процестерді нақты орындауға сәйкестігін растау болып табылады.

80. Жетекші аудитор нәтижелерді талдап қорытуға және күн қорытындыларын келтіру мақсатында Аудиторлық топтың мүшелерімен кеңесті күн сайын жүргізеді.

81. Жетекші аудитор аудит біткен соң әлеуетті өнім берушінің басшылығымен, қажет кезде, тексерілетін функциялар мен процестер үшін жауапты тұлғалармен қорытынды кеңес өткізеді.

82. Жетекші аудитор қорытынды кеңес жүргізу барысында анықтауы тиіс:

1) жақсарту жөніндегі ұсыныстарды ұсынуды;

2) Алдын ала біліктілік жүргізілген әлеуетті өнім берушілердің Тізбесіне енгізу тәртібі мен мерзімдері;

3) әлеуетті өнім берушінің қайтадан аудит жүргізу және жақсарту бойынша алынған ұсыныстарға сәйкес түзету шаралары жоспарын әзірлеу және енгізу құқығын;

4) Біліктілік органымен бұдан әрі қарайғы өзара әрекеттестік тәртібі, деректерді байланыс орталықтарына ұсыну.

83. Әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін бағалау нәтижесі Нұсқаманың №4 қосымшадағы нысанға сәйкес АБІ АЖ-не Аудитті жүргізу туралы қалыптастырылған Есеп болып табылады. АБІ АЖ-не Аудитті жүргізу туралы Есепті қалыптастыру мерзімі аудитті жүргізу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

84. Жетекші аудитор АБІ АЖ арқылы әлеуетті өнім берушінің Біліктілік критерийлерінің талаптарына сауалнамалық деректерді сәйкестендіруді, сондай-ақ Нұсқаманың 76-тармағында көрсетілген параметрлерді қанағаттандыратын растаушы құжаттар мен мәліметтер болған кезде ТЖҚ БНА кодын растайды.

Әлеуетті өнім берушінің сауалнамаға салмаған құжаттарына талдау жүргізу кезінде Жетекші аудитор Аудитті жүргізу туралы Есепті осы құжаттардың тізбесін немесе қаралған құжаттардың сканерленген көшірмелерін көрсетуі тиіс.

Жетекші аудитор АБІ АЖ арқылы әлеуетті өнім берушінің Біліктілік критерийлерінің талаптарына сауалнамалық деректердің сәйкессіздігін, егер ұсынылған растаушы құжаттар мен мәліметтер Регламенттің 76-тармағында көрсетілген бір және одан артық параметрді (параметрлерді) қанағаттандырмайтын жағдайда, растайды.

Жетекші аудитор АБІ АЖ-не анықталған сәйкессіздіктер бойынша негіздеме ұсынады.

85. Жетекші аудитор келесі Біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкессіздік анықталған кезде ұсыныстар бойынша ұсыныстар ұсынуға тиіс:

- «Әлеуетті өнім берушінің ресурстары»;
- «Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасын қамтамасыз ету».
- «Жобалар мен тәуекелдерді басқару»;
- «Салалық критерийі».

86. Жетекші аудитор басқа Біліктілік критерийлерде сәйкессіздік анықталған

кезде жақсарту бойынша ұсыныстар ұсынуға құқылы.

87. Жетекші аудитор Аудитті жүргізу туралы қалыптастырылған Есеп АБІ АЖ-не ЭЦҚ арқылы қол қояды, оған келісуге Бас аудиторға жіберіледі.

88. Бас аудитор 5 (бес) жұмыс күні ішінде Аудит өткізу туралы Есепті тексеруді және келісуді жүзеге асырады. Ескертулер болған кезде, Жетекші аудитор Бас аудитордан ескерту алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Аудитті жүргізу туралы Есепті түзетуді жүзеге асырады.

89. Бас аудитордың Аудитті жүргізу туралы Есепті келісуі әлеуетті өнім берушіні Біліктілігі алдын ала анықталған әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне қосу үшін негіздеме болып табылады.

90. Бұл ретте, жеткізілетін (шығарылатын) тауарлар, орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтердің тізбесіне әлеуетті өнім берушілер заңнамада және Стандартта көзделген растайтын құжаттар мен мәліметті ұсынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер ғана қосылады. Әлеуетті өнім беруші жақсарту бойынша ұсыныстар болған кезде түзету шаралардың жоспарын әзірлеуге және енгізуге құқылы.

91. Әлеуетті өнім берушінің түзету шараларының жоспары келесіні қамтиды:

- 1) Ұсыныстардың тиісті тармағы көрсетілген Сәйкессіздіктің сипаты;
- 2) осы Сәйкессіз себептерін жоюға бағытталған шара;
- 3) шараны өткізу мерзімдері;
- 4) шараны өткізуге жауапты тұлғалардың тізбесі;
- 5) түзетудің болжамды нәтижесі;
- 6) түзету шараларының тиімділігін растайтын құжаттамалық куәліктің түрі.

92. Түзету шараларын өткізу мерзімі жақсарту бойынша ұсыныстарды алған күннен бастап 90 (алпыс) күнтізбелік күннен аспауы керек.

93. Түзету шараларының жоспарын орындау нәтижелері бойынша әлеуетті өнім беруші Біліктілік органға Нұсқаулықтың № 5 қосымшасына сәйкес тиісті құжаттар мен қайта бағалаудан өту ниеті туралы ілеспе хатымен тиісті құжаттарды және мәліметтерді қосымшасымен қоса тапсырады.

94. Түзету шараларын орындау туралы есепті қарау нәтижелері бойынша Біліктілік орган дербес немесе Ұйымды тарта отырып Аудитті жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы. Түзету шараларының нәтижелері бойынша Аудитті жүргізу шарттары тиісті шартпен және техникалық тапсырмамен айқындалады.

95. Біліктілік орган әлеуетті өнім берушіге АБІ АЖ арқылы түзету шараларының нәтижелері бойынша Аудитті жүргізу туралы әлеуетті өнім берушіден түзету шараларын орындау туралы ескертуді әлеуетті өнім берушіден жауапты алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жолдайды.

96. Түзету шараларының нәтижелері бойынша аудитті жүргізу мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен аспайды.

97. Біліктілік орган Аудитті жүргізу бойынша Басшылыққа №6 қосымшадағы нысанға сәйкес анықталған Сәйкессіздіктер бойынша түзету шараларының жоспарын орындау туралы Есептік негізінде 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушінің Біліктілік талаптарына Сәйкестік деңгейін түзетеді және әлеуетті өнім берушінің құжаттамасына тиісті өзгерістерді енгізеді. Көрсетілген сәйкестік деңгейін түзету бір рет жүзеге асырылады.

5. Түзету шараларының нәтижелері бойынша аудит

98. Әлеуетті өнім беруші АБІ АЖ арқылы түзету шараларын орындау туралы есепті, Басшылыққа №5 қосымшадағы нысанға сәйкес растаушы құжаттар мен мәліметтерді белгіленген мерзімде тапсырады.

99. Біліктілік органның шешімі бойынша сыншылдықтың екінші деңгейлі әлеуетті өнім берушілері түзету шараларының нәтижелері бойынша аудит жүргізген жағдайда, Көшпелі верификациялық аудит және Үстел аудиті ретінде қолданылады.

100. Біліктілік органның шешімі бойынша сыншылдықтың үшінші деңгейлі әлеуетті өнім берушілері түзету шараларының нәтижелері бойынша аудит жүргізген жағдайда, барлық аудит үлгілері: Үстел, Көшпелі верификациялық аудит және Техникалық аудит қолданылады.

101. Түзету шараларының нәтижелері бойынша аудит Нұсқамада және Стандартта анықталған тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

5. Әлеуетті өнім берушілер мен Біліктілік органының кері байланысы

102. Әлеуетті өнім беруші өткізілген аудит нәтижелері бойынша АБІ АЖ арқылы Басшылыққа № 7 қосымшаға сәйкес Жетекші аудиторды бағалауға құқылы.

103. Біліктілік орган Жетекші аудитор қалыптастырған Аудитті жүргізу туралы Есепті тексерген және келіскеннен кейін Басшылыққа № 8 қосымша бойынша Жетекші аудиторды бағалауға құқылы.

Аудит жүргізу туралы есеп

*Электрондық жүйеде пайдалануға арналған нысан

P/б №	Өнім берушінің деректері	
1.1	Толық атауы	
1.2	Заңды мекен-жайы	
1.3	Басшының тегі, аты, әкесінің	
1.4	Басшының байланыс телефон нөмірі	
1.5	Басшының электрондық поштасының адресі	
1.6	Уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты	
1.7	Уәкілетті өкілдің байланыс телефон нөмірі	
1.8	Уәкілетті өкілдің электрондық поштасының адресі	

1.9	№	Код	ТЖҚ атауы	ТЖҚ қысқаша сипаттамасы (сипаттау)	ТЖҚ коды бойынша растаушы	Өнім берушінің (өндірушінің/дилердің)	ТЖҚ кодын Сарапшының растауы		ТЖҚ коды расталмаған кезде Сарапшының негіздемесі
							<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
							<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
1.10	Шарттың нөмірі								
1.12	Техникалық сарапшы (қажет жағдайда)								
1.14	Үстел аудитін жүргізудің нақты даталары								
1.15	Біліктілік критерийлері								
							<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
							<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	
							<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	

1. «Әлеуетті өнім берушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру және құқықтық құраушымы» біліктілік критерийі			
I. БАЗАЛЫҚ ТАЛАПТАР		Сәйкестікті бағалауға	Сәйкессіздік жағдайда
1.1.1	Ұйымның құқықтық құраушымы		
1.1.1.1	Сіздің ұйымыңыз Қазақстан Республикасы аумағында өз қызметін 3 (үш) жылдан артық жүргізеді ме ?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
		иә	жоқ

№ 2 Қосымша

Күні	Сарапшының тегі, аты, әкесінің аты	Қолы
Күні	БО бас аудитордың тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

Келісілген
Біліктілік органның Бас аудиторының
әлеуетті өнім берушісінің уәкілетті
тұлғасы

Аудитті жүргізу жоспары

Әлеуетті өнім беруші				
Оқшаулау мекенжайы/орналасқан жері				
Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілі және оның байланыстары				
Шарттың нөмірі				
Аудиттің басталу және аяқталу датасы:				
Жетекші аудитор:				
Аудиторлық топтың мүшесі/ мүшелері және олардың рольдері (аудиторлар, сарапшы):				
Қосымша қатысушылар (қадағалаушылар, ілесіп жүрушілер):				
Біліктілік критерийлері		<input type="checkbox"/> «B2» сауалнамасы <input type="checkbox"/> «C1» сауалнамасы <input type="checkbox"/> «C2» сауалнамасы		
Аудит саласы (әлеуетті өнім берушінің қызметінің түрі)				
Аудиттің жұмыс тілі / Аудитті жүргізу туралы				
Аудит әдістері		<input type="checkbox"/> интервью жүргізу <input type="checkbox"/> құжаттарды таңдау және талдау <input type="checkbox"/> визуальды қарап тексеру <input type="checkbox"/> үлгілерді таңдау <input type="checkbox"/> бақылау		
Аудиторлық топқа және				
Время	Аудиторы	Область/Департамент/Процесс/Функция	Біліктілік критерийлеріне қолданылатын талаптар тармақтары	ФИО и Должность ответственного за функцияларға жауапты ТАӘ және Лауазымы
Дата				

Клиенттің назарына:

- *Уақыт алдын ала болып табылады және аудит көлемін өзгертусіз кіру кеңесінің уақыты бойынша расталады.*
- *Өтінішті аудит нәтижелерін талқылау және есепті, коммуникация құралдарын дайындауға арналған жұмыс орнын Аудиторлық тобына ұсыну.*
- *Аталған Жоспарды үш жақты Шарт негізінде құрастырылған, аудитті ұйымдастыру және жүргізу және аса құпиялық тәртібіне қатысты мәселелерді қамтиды.*

Әлеуетті өнім беруші үшін қосымша ақпарат (қажет болған жағдайда)

Жетекші аудитор
Қолы, күні

Көшпелі верификациялық аудитті жүргізу мерзімі

Әлеуетті өнім берушінің штаттық қызметкерлерінің саны	Жұмыс күндерінің саны
0-100	1
100-500	2
500 артық	3

Техникалық аудитті жүргізу мерзімі

Әлеуетті өнім берушінің штаттық қызметкерлерінің саны	Жұмыс күндерінің саны
0-50	1
50-200	2
200-500	3
500-1000	4
1000 артық	5

Аудитті жүргізу туралы есеп

* Электрондық жүйеде пайдалануға арналған нысан

P/c №	Өнім берушінің деректері								
1.1	Толық атауы								
1.2	Заңды мекенжайы								
1.3	Басшының тегі, аты, әкесінің аты								
1.4	Басшының байланыс телефон нөмірі								
1.5	Басшының электрондық почтасының адресі								
1.6	Уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты								
1.7	Уәкілетті өкілдің байланыс телефон нөмірі								
1.8	Уәкілетті өкілдің электрондық почтасының адресі								
1.9	№	Код	ТЖҚ атауы	ТЖҚ қысқаша сипаттамасы (сипаттау)	ТЖҚ коды бойынша растаушы құжаттар мен мәліметтер	Өнім берушінің (өндірушінің/дилердің) мәртебесі	ТЖҚ кодын Жетекші аудитордың растауы <input type="checkbox"/>	Иә <input type="checkbox"/> Жоқ <input type="checkbox"/>	ТЖҚ коды расталмаған кезде Сарапшының негіздемесі
1.10	Шарттың нөмірі								
1.11	Жетекші аудитор:								
1.12	Аудиторлық топтың мүшесі/мүшелері және олардың функциялары (аудиторлар, сарапшы):								
1.13	Қосымша қатысушылар (бақылаушылар)								
1.14	Алаңда аудитті жүргізудің нақты датасы								
1.15	Біліктілік критерийлері		<input type="checkbox"/> «B2» сауалнамасы <input type="checkbox"/> «C1» сауалнамасы <input type="checkbox"/> «C2» сауалнамасы						
1. «Өлеуетті өнім берушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру және құқықтық құраушымы» біліктілік критерийі									
I. БАЗАЛЫҚ ТАЛАПТАР					Сәйкестікті бағалауға	Сәйкессіздік жағдайында	Жақсарту бойынша		
1.1.1	Ұйымның құқықтық құраушымы.								
1.1.1.1	Сіздің ұйымыңыз Қазақстан Республикасы аумағында өз қызметін 3 (үш) жылдан артық жүргізеді ме ?				<input type="checkbox"/> Иә	<input type="checkbox"/> Жоқ			

күні	Жетекші аудитордың тегі, аты, әкесінің аты	Жетекші аудитордың ЭЦҚ қол қоюы
күні	БО бас аудитордың тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

Анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету шараларын орындау туралы есеп

Біліктілік критерийінің атауы		Анықталған сәйкессіздіктер бойынша ұсыныс	Түзету шараларын сипаттау	Ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің атауларын
№	Талап (сауалнама сұрақтары, сол бойынша			

**Түзету шараларының нәтижелері бойынша
аудит есебі**

* Электрондық жүйеде пайдалануға арналған нысан

P/c №	Өнім берушінің деректері	
1.1	Толық атауы	
1.2	Заңды мекен-жайы	
1.3	Басшының тегі, аты, әкесінің	
1.4	Басшының байланыс телефон нөмірі	
1.5	Басшының электрондық поштасының адресі	
1.6	Уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты	
1.7	Уәкілетті өкілдің байланыс телефон нөмірі	
1.8	Уәкілетті өкілдің электрондық поштасының адресі	

1.9	№	Код	ТЖҚ атауы	ТЖҚ қысқаша сипаттамасы (сипаттау)	Өнім берушінің (өндірушінің/дилердің) мәртебесі	ТЖҚ БНА кодын растау <input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ	Растаушы құжаттар
1.10	Шарттың нөмірі						
1.11	Жетекші аудитор:						
1.12	Аудиторлық топтың мүшесі/мүшелері және олардың функциялары (аудиторлар)						
1.13	Қосымша қатысушылар (бақылаушылар)						
1.14	Алаңда аудитті жүргізудің нақты датасы						
1.15	Біліктілік критерийлері			<input type="checkbox"/> «B2» сауалнамасы <input type="checkbox"/> «C1» сауалнамасы <input type="checkbox"/> «C2» сауалнамасы			

ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІНІҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

Әлеуетті өнім берушінің қанағаттанушылықты бағалау біздің қызметіміздің өте маңызды аспектісі болып табылады.

Күні	Жетекші аудитордың тегі, аты, әкесінің аты	Жетекші аудитордың ЭЦҚ қол қоюы
Күні	БО бас аудитордың тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

Біз, егер Сіз бірнеше минут көңіл бөлсеңіз және біздің ұйымызда аудиттің қалай жүргізілгеніне Сіздің көңіліңіз толғаны туралы ақпаратты ұсынсаңыз, алғыс білдіреміз.

Ұйымның атауы: _____

Жетекші аудитор: _____

Аудит датасы _____

Аудит: көшпелі верификациялық аудит техникалық аудит

Өте қанағаттанамын

Мүлдем қанағаттанбаймын

1	2	3	4	5						
1	Жетекші аудитор Сіз сауалнама толтырған мерзім ішінде комментарий білдіруі Аудит жоспары аудит басталғанға дейін ұсынылған					<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2	Бастапқы кездесу аудит процесін түсінуі үшін Аудит тиісті кәсіптік мұқияттылық пен нақтылық принциптерінде жүзеге асырылуы мүмкін					<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3	Аудиторлар аудит жоспарына сәйкес аудитті жүргізу мерзімін сақтады және мұқият болды және					<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4	Аудиторлар аудит барысында түсіндірме жұмыстарын жүргізеді					<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5	Егер сәйкессіздік анықталса, анықталған сәйкессіздіктер бойынша ұсыныстар					<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
6	Сәйкессіздіктер объективті және шынайы болса, оларды түсіну оңай					<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7	Аудит сіздің бизнесіңіз үшін пайдалы					<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
8						<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
9						<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

КОММЕНТАРИЙЛЕР

Сіздің қанағаттанбаушылықты бағалау себептерін түсіндіруіңізді өтінеміз
БІЛІКТІЛІК ОРГАННЫҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

Ұйымның атауы: _____

Аудитор(лар): _____

Аудит датасы _____

Аудит: көшпелі верификациялық аудит техникалық аудит

Мүлдем қанағаттанбаймын		Мүлдем қанағаттанамын				
		1	2	3	4	5
1	Жетекші аудитор әлеуетті өнім беруші сауалнаманы толтыру мерзімі ішінде пайдалы комментарийлерді ұсыну	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2	Аудиторлық топ құзіреттіліктің қажетті деңгейі есебінен таңдапған	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3	Аудит жоспары белгіленген мерзімде келісілген	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4	Аудит жүргізу туралы есеп ескертулерсіз және белгіленген мерзімде ұсынылған	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5	Анықталған сәйкессіздіктер бойынша ұсынылған ұсыныстар әрқашан объективті және шынайы, оларды түсіну оңай	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
6	Әлеуетті өнім беруші тарабынан шағымдар	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

КОММЕНТАРИЙЛЕР

Қанағаттанбаушылықты бағалау себептері